

успехом. Распространение и горячая пропаганда научных знаний в казахской степи свойственна не только практической но и литературной деятельности Алтынсарина. На разработку казахского алфавита на основании русской графики он потратил около трех лет, привлекая к этому учителей и учащихся старших классов светских школ степных укреплений Тургай и Иргиза.

Ибрай Алтынсарин стал учителем и наставником для таких известных казахских писателей и общественных деятелей, как Ахмед Биримжанов, Алиби Жангильдин, Нуржан Наушабаев, Смагул Майоров, Абубакир Алдияров и др. Ибрай соблюдал золотые правила педагога. Он был твердо уверен, что учитель – это призвание. Учитель, по его мнению, должен быть примером. «Стараюсь всеми силами, чтобы подействовать ещё на их (учеников) нравственность, чтобы они впоследствии не были взяточниками, – писал Ибрай Алтынсарин. – Посмейтесь надо мною, я иногда являюсь детям в пустое от знаний время официально муллой и рассказываю, что знаю, из духовной истории, прибавляя к тому и другие полезные, удобопонятные рассказы» [5, с.193].

Во-первых, Ибрай Алтынсарин считал что учитель должен любить детей, но не в коем случае не гасить в них любопытство, а стимулировать стремление к знаниям.

Во-вторых, Ибрай считал, что нужно учить, согласно склонностям и успехам ребёнка. И третьим немало важным правилом считалось то, что знания должны приносить пользу и толк. Ибрай Алтынсарин навсегда вошёл в историю Казахстана как общественный деятель, поэт, педагог, писатель, фольклорист, этнограф, переводчик.

Всю свою жизнь, этот великий человек посвятил знаниям, обучению знаний других, важность понимания знаний, строительстве школ и женских училищ, просвещению народа. Он сделал многое для казахского народа, многому научил и дал толк знаний. Не стоит забывать о его великих произведениях, которые были написаны в 100 экземплярах таких как: «Невежество», «Кипчак Сейткул», «Отчего так плохо», «Золотой чуб», «Мудрый судья», «Счастливый человек», «Три вора», а также учебные пособия «Киргизская христаматия», «Руководство по обучению киргизов русскому языку», «Мактубат», «Шарайтлы Ислам», «Очерк обычаев при сватовстве и свадьбе у киргизов Оренбургского воеводства» и т.д. В его честь были построены памятники, названы многие улицы и проспекты, районы, институты, ледник Алтынсарина, школы и т.д.

Ибрай Алтынсарин умер в 1889 г., всего лишь в 48 лет отроду. Но сделанное им за эти короткие годы навсегда увековечило его имя. Таким образом, Ибрай Алтынсарин внес огромный вклад в становление и развитие системы образования Казахстана во второй половине XIX века.

Большое внимание он уделял подготовке педагогических кадров, методической оснащённости учебного процесса, им были разработаны основополагающие принципы преподавания русского языка в казахской школе, в учебно-воспитательном процессе активно использовались передовые методы и средства нравственного, трудового, эстетического воспитания подрастающего поколения.

В памяти и сердцах народа, Ибрай Алтынсарин навсегда останется – великим просветителем.

Список литературы

1. **Послание Президента Республики Казахстан-Лидера Нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-200»: новый политический курс состоявшегося государства».** г. Астана, 14 декабря 2012 г.
2. **Алтынсарин И. Собрание сочинений.** – В трех томах. – Том 1. – Алма-Ата: Ғылым, 1978. – 297 с.
3. **История Казахстана** (с древнейших времен до наших дней). – В пяти томах. – Том 3. – Алматы: Атамұра, 2000. – 768 с.
4. **Джумагулов К.Т. Ибрай Алтынсарин и развитие культуры казахского народа.** Алма-Ата: «КАЗАХСТАН», 1984. – 204 с.
5. **Знаем ли мы Ибрая Алтынсарина?** г.Костанай, 2016. – 328 с.

ӘОЖ 37.01.371.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ БІЛІМ

Құлмағанбет Ә. Қ. – педагогика ғылымдарының магистрі, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Қазақ тілі мен әдебиеті зертханасының ғылыми қызметкері.

Ыбырай Алтынсарин шығармаларында оқиға желісін шындық өмірден алады да өмірдің ұсақ-түйек бөлшегі болып көрінетін, басқа жұртқа елеусіз нәрселерді шығарманың арқауы етеді. Әңгімелері де, өлеңдері де ықшам, көлемі шағын аз сөзбен көп мағынаны білдіреді.

Кілтті сөздер: Ыбырай Алтынсарин, оқушы, мұғалім, білім.

Ыбырай Алтынсариннің қазақ халқының мәдениетіне, оның өркениет жолымен алға басып, тәуелсіз ел болуы жолында атқарған тарихи қызметі орасан зор.

Ыбырай қазақ жерінде оқу-білімнің шам-шырағын жақты. Өз заманының озық ойлы азаматы болды. Ыбырай ашқан мектептердің қоңырауы сыңғырлап, ұлы ағартушы-педагогтың ой-пікірлері, өлең жырлары мен әңгімелері халық санасына жаңалық болып сінді. Ол жас ұрпақты оқытып, тәрбиелеу мәселесіне ерекше көңіл бөліп, ел ішінде орын алған сауатсыздық пен білімсіздікке қарсы ашық күреске шықты. Қазақ даласында жаппай сауаттылық пен білім беру ошағын орнатқан Ыбырай халықтың мұң-мұқтажы мен арман-тілегін орындау мақсатында көпшілік арасында қыруар жұмыстар атқарды.

Ұлы педагог қазақ ортасында үстемдік құрған қоғамдық әділетсіздікке қарсы болды. Надандық пен зұлымдық тудырушыларды әшкереледі. Алтынсариннің өлеңмен айтылған жоғары идеялары жастарды рухтандырып, халыққа жалынды үндеу тастады. Бұл қазақ даласындағы бүкіл қауымға қағылған алғашқы қоңырау еді. Ол ел-жұртын көрші елдің өнер-білімін, техникасын игеруге шақырып қана қоймай, сол игі істі тікелей жүзеге асыруға да өлшеусіз үлес қосты.

«Дүниедегі ескермейтін де, өзгермейтін де, өмірдегі сүйініш де, сарқылмас дәулет те, өнер-білім..., білім еш арымайды, жұтқа ұшырамайды, ол – мәңгі бақыт кілті» – деп түсінген ұлы ағартушы 1864 жылы қаңтарда Торғайда тұңғыш қазақ балалары үшін мектеп ашты. 14 баланы мектепке қабылдады. Мұндай тәлім-тәрбие ісіне Ыбырайдың өзі тікелей басшылық етті. Өзінің осы игілікті ісі жайында Қазан университетінің профессоры Н.И.Ильминскийге жазған хатында: «Мен балаларды оқытуға қойға шапқан аш қасқырдай өте қызу кірістім. Кейін парақор болып шықпаулары үшін оларға адамгершілік жағынан әсер етуге бар күшімді салып отырмын» деп жазады. Ұлы ағартушының бұл сөзінен қазіргі таңдағы басты мәселені сол кезде көре білгендігін байқауға болады.

Ы.Алтынсариннің ағартушылық, педагогтық көзқарасы негізінен, орыс педагогтарының ықпалымен қалыптасты және қазақ халқының ұлттық тәрбиесінің негізіне сүйеніп, оны басқа халықтардың озат ой-пікірлерімен толықтырып дамытты.

Ыбырайдың айрықша атап айтар тарихи еңбегінің бірі оның балалар әдебиетінің негізін қалауы. «Қазақ хрестоматиясына» енген алуан жанрдағы шығармалары мұның айқын дәлелі.

Қазақ балалары үшін ана тілінде шын ниетімен, жан-тәнімен жазған шығармалары балаларға жақын және қызықты екені соншалық олар күні бүгінге дейін өз құндылығын жоғалтқан жоқ.

Бұл Ыбырай шығармаларының өміршендігін көрсетеді.

Мектеп бағдарламасына енгізілген қай шығармасын алсаң оқушының санасын оятып Отанын сүйуге, ұлтжандылық адамгершілікке, еңбексүйгіштікке, жақсы мінез-құлыққа тәрбиелеп, оларды жеке тұлға ретінде қалыптастыруға үйретіп, өмір танытарлық тастайды.

Бастауыш сыныпта «Ананың сүйі» деген өлеңі бала жанын тебірентіп, ана қадірін аяққа бастырмауға үндейді. Ананы сыйлай білген оның қадыр-қасиетін түсінген бала, басқаның да қадыр-қасиетін өз ата-анасындай құрметтей алатын болып өседі деген тұжырымды білдіреді.

Тәрбиенің қазіргі біз пайдаланып жүрген қай саласын да Ы.Алтынсарин еңбектерінен табуға болады.

Көптеген әңгімелерінде Ыбырай еңбекті жағаша құру, базарға бейімдеу, оның құндылығын арттыруды көздейді. «Білгеннің пайдасы» деген әңгімесінде бір бала шеге істеу кәсібін үйреніп, шаруасын жаңаша құрады.

Ыбырайдың этика, мінез-құлық, әдептілік, достық идеясына байланысты әңгімелері де көп. Мысалы: «Қарға мен құрт» әңгімесінде нашарға, әлсізге қиянат жасамау идеясы айтылған. Мұндағы құрт – әрекетшіл, айпалы бейне. «Жаман жолдас», «Ақымақ дос» дейтін әңгімелерінде жалғандықты, олақтықты мінейді. Бірсыпыра әңгімелерінде отбасындағы достық, ата-ана мен бала арасындағы махабатты үндейді.

Ыбырай оқулықтарына енгізілген «Ұят кімде болса, иман сонда болады», «Алтын алма, ақыл ал», «Өнерлі өлмес, өнерсіз күн көрмес», «Оқу түбі тоқу», «Қайырымсыз болса, ханнан без, өткілсіз болса судан без, асусыз болса таудан без, пайдасыз болса, байдан без, тпанасыз болса, сайдан без», «Жоқтық ұят емес, байлық мұрат емес», «Жүйрік атқа мінген, құдайды ұмытар» сияқты асыл сөздерінен бүгінгі жастардың ғибрат алары сөзсіз.

Ыбырай шығармалары оқиға желісін шындық өмірден алады да өмірдің ұсақ-түйек бөлшегі болып көрінетін, басқа жұртқа елеусіз нәрселерді шығарманың арқауы етеді. Әңгімелері де, өлеңдері де ықшам, көлімі шағын аз сөзбен көп мағынаны білдіреді.

Ыбырайдың жазушылық шеберлігі – қарапайым сөздермен өз ойын оқушыларына бейнелі, айқын, мәнері етіп жеткізуінде.

Ыбырай Алтынсарин: «Балаларға білім мен тәрбие беру ісінде маңызды рөл атқаратын мұғалім» дей келе оларға бір қатар педагогикалық талаптар қояды.

Өзінің мұғалімдерге өткізген семинарында мұғалімдерге, оқушыларға оқу материалын жеткізу үшін әртүрлі оқыту тәсілдерін тиімді қолдану керектігін, әдістерді дұрыс таңдап алу жолдарын, қандай әдісті қай уақытта қолдана алуы мұғалімге байланысты екенін көрсеткен. Оқыту әдістерін балалардың ғылымға өз бетімен білім алуға құмарландыратын жол деп біледі. Мысалы әңгіме, түсіндіру арқылы «оқыту әдісін», оқу материалын балаларға түсіндіру мақсатында «көрнекілік әдісін» де қолданғанын көреміз.

Қазіргі кездегі кіріктіре отырып оқыту (интеграция) әдісін де Ы.Алтынсарин өз тәжірибесінде қолданғанын байқауға болады.

Жаһандану заманында ұлттық бәсекеге қабілетті болудың көрсеткіші-білім деңгейімен өлшенеді. Сондықтан, әлемдік білім кеңестігіне кірігіп, білім беру жүйесін халықаралық биікке көтеру кезек күттірмейтін өзекті мәселе.

Бұл мәселенің шешу кілті ұстаз қолында. Өйткені, ұстаз елдің ертеңгі тізгінін ұстайтын ұрпақ тәрбиелейді. Ұстаздың негізгі құралы сабақ.

Ы.Алтынсариннің «Мұғалім балалармен істес болады: егер олар бір нәрсені түсінбесе, онда мұғалім шәкірттерді кінәламай, олардың көкейіне қондыра алмағаны үшін өзін-өзі кінәлауға тиіс» деген ұлағатты сөзін, үнемі басшылыққа алып отырамын.

Ы.Алтынсарин «Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім-мектептің жүрегі»-деп бекер айтпаған. Өйткені қазір мектеп алдындағы міндеттерді шешуде мұғалімнің кәсіби құзырлығы басты алғы шарт.

Ыбырай атамның мына бір сөзінде бір мән жатыр «Халық мектептері үшін ең керектісі оқушы. Тамаша жақсы педагогика құралдары да, ең жақсы өкімет бұйрықтарды да, әбден мұқият түрде жүргізілген инспектор бақылауы да оқушыларға тең келе алмайды. Сондықтан да мен оқытушыны дүниедегі заттың бәрінен де қымбат көремін» – деп айтқан екен ұстаз! Осы бір сөздің өзінде қаншама мән –мағыналы қасиетті ұғым жатыр. Ұстаздың алдынан өтпейтін ешкім жоқ.

Ыбырай «Мектеп қазақтарға білім берудің басты құралы.... Біздің барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі осы, тек осы мектептерде» – деп айтқан. Сол мектепте балаға білім беріп қоймай, тәрбиеге мән беріп, әр баланы сүйіспеншілікке бөлеп, жан дүниесімен сырласып, рухани болмысын терең түсініп риясыз махабатқа бөлеу Ыбырайдың сара жолынан өмір бойы сусындап, өнегесінен өнеге аламыз деп үміттенемін.

Ыбырай армандаған «Өнер білімі бар жұртқа» – терезесі тең шаңырағы биік мәдениеті озық тәуелсіз елге айналып отырған бүгінгі заманда жаңа типті мектептер салынып, пайдалануға беріліп жатыр. Дарынды балалармен жұмыс бағдарламасы жүзеге асу үстінде. Жастарды шет елдерде оқытуға мүмкіндік алдық. Жаңа буын оқулықтар, электронды оқулықтар, білім беру ісіне енді.

Осындай жаңа даму үрдісі алға басып отырғанда, Президентіміз айтқандай әрбір ұстаз –рухы таза, ой-өрісі биік, ұлты мен Отанының болашағы үшін тер төгіп, өз бойындағы асыл қасиеттері мен білімін болашақ ұрпақтың бақыты мен кәдесіне жаратып, қоғамды өрге өркендетуші, жаңашылдықтың бастаушысы болуы керек.

Ы.Алтынсарин: «Өз Отанының пайдасын көздеген» ауыр, кейде қауіпті болған қоғамдық еңбекті өзі үшін шын бақыт деп санады. Өз өмірінің мақсаты мен мәні туралы айта келіп, ол: «Кімде-кім өзінде барымен яғни өзінің адал еңбегімен қанағат етсе, шын бақытты адам сол» – деген еді.

Қазақтың ас көрнекті педагогі, жазушысы Ы.Алтынсариннің шығармаларын оқыта отырып ұлттық құндылықтарымызды, рухани мұрамызды бүгінгі ұрпақ бойына сіңіру, Ыбырай мұраларын жеріне жеткізе зерттеп, оның ұстаздардың ұстазы деп әркез әспеттеп отыру – бәріміздің абыройлы борышымыз.

Әдебиеттер тізімі

1. **Алтынсарин Ы.**, Қазақ хрестоматиясы, Алматы «Білім», 2007.
2. **Алтынсарин Ы.**, Өнер білім бар жұрттар, Алматы «Жалын» – 1991.
3. **Кенжебаев Б.**, Бала –біздің болашағымыз. 2001.
4. **Қоңыратбаев Ә.**, Қазақ әдебиетінің тарихы Алматы, «Санат» 1994.
5. **Ламашев Ә.**, Ыбырай Алтынсарин, Алматы «Ана тілі» 1991.

ӨОЖ 37.01

ҚАЗАҚТЫҢ МАНДАЙЫНА БІТКЕН ТЕКТІ ТҰЛҒА

Кыдралина А. Т. – қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі педагог-сарапшы,

Нуркина С. Т. – қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі педагог-сарапшы,

Гошовская А. Л. – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Бұл мақалада Ыбырай Алтынсариннің білім беру жолындағы атқарған игі істері сипатталған. Сондай-ақ алғашқы ашылған мектептің жұмысы баяндалады. Мақалаға арқау болған жанның тек ағартушылық қызметі ғана емес, шығармашылық тұсы да көрсетілген. Сондай-ақ танымал жандардың ыстық естеліктері де бар.

Кілт сөздер: білім, өлең, өңгіме, естелік, мектеп.